Алаяқтардан сақ болуға шақырды

Сырдария аудандық қоғамдық даму бөлімінің қолдауымен «Сырдария – Нұрдария» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен алаяқтық қылмыстарының алдын алу бағытында кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге құқық қорғау органының, банк саласының өкілдері, ҮЕҰ мүшелері, ардагерлер мен ұстаздар және жастар қатысты.

«Сырдария – Нұрдария» қоғамдық қорының төрағасы М.Омаров алаяқтардың құйтұрқы әрекеттері мен одан сақтану жолдары туралы айтып өтті.

– Қазір БАҚ құралдары мен әлеуметтік желілерде қаржы пирамидасы мен интернет алаяқтан сақтану жөнінде аз айтылып жатқан жоқ. Жұртшылықтың мәндай термен тапқан ақ¬шасын «жылпостар», «әккі айлакерлер» алдап-арбау арқылы жымқырып алуды әдетке айналдырған. Бүгінде екі күннің бірінде осындай интернет алаяқтықтың құрбаны болып жатқандар же¬терлік. Мемлекет басшысы соңғы Жолдауында интернет алаяқтыққа ерекше мән беру керектігін атады. Президент «Интернет және телефон арқылы жасалатын алаяқтық әре¬кеттерге айрықша назар аудару керек. Құқық қорғау органдары мұндай қатерлерді анықтап, қылмыскерлерді құрықтау үшін ақпараттық-сараптама жұмысын күшейтуі қажет. Сондай-ақ, азаматтардың құқықтық және қаржылық са¬уатын жүйелі түрде арттырған жөн» деп, нақты тапсырма жүктеді. Осы ретте, халық алаяқтықпен оңай ақша тауып жүрген қылмыс¬керлердің торына түсіп қалмас үшін құқықтық және қаржылық тұрғыдан сауатты болуы тиіс, – деді Марат Жүсіпәлиұлы.

Өз кезегінде «Халық банкі» АҚ Сырдария аудандық филиалының басшысы А.Палымбетов пен аудандық полиция бөлімінің жедел уәкілі Д.Алиев қаржы пирамидасы мен алаяқ¬тыққа қатысты ел аумағында қылмыстар көбейгенін жеткізіп, қаржылық сауаттылыққа аса ұқыптылықпен қараудың маңыздылығына тоқталды. Сондай-ақ қаржылық пирамида мен интернет алаяқтықтан сақтануды ескертті. Басқосу барысында қатысушылар аталған мәселелерге қатысты сұрақтарын қойды.

А.ҚҰРМАНАЙТЕГІ

Жаңалықтар 29 шілде 2024 ж. 166 0

ЖАҢАЛЫҚТАР

Өрт қауіпсіздігі мәселелері талқыланды

31 шілде 2024 ж.

"Мерейлі отбасы" байқауының жеңімпаздары

31 шілде 2024 ж.

Жолдағы қауіпсіздік мәселелері қаралды

31 шілде 2024 ж.

Қызмет алушылардың құқығын қалпына келтіру сәтті

31 шілде 2024 ж.

Қызылордада АЭС салу мәселесі бойынша жария

30 шілде 2024 ж.

Баспасөз конференциясы өтті

30 шілде 2024 ж.

Атом электр станциясы қажет пе?

30 шілде 2024 ж.

PDF НҰСҚАЛАР МҰРАҒАТЫ

№ 60 газет 30 шілде 2024 ж.

Сырдария Нұрдария Қоғамдық Қоры сейчас с **Сырдария Ауданының Әкімдігі** и **ещё 5.**
23 июль в 11:33 ·

Хабарландыру!

Құрметті аудан тұрғындары!
2024 жылдың 26-шілде күні сағат 10.00- де аудандық «Достық үйінде» Құқық қорғау органдарымен банк қызметкерлерін тарта отырып интернет алаяқтық профилактикасы және оған қарсы іс-қимыл туралы халықты ақпараттандыру аясында кездесу өтеді. Осы шараға Сіздерді белсенді қатысуға шақырамын!

Сырдария Нұрдария қоғамдық қорының төрағасы Марат Омаров.

Салтанат Бекжунусова, Анар Калдыбаева и ещё 2 1

Нравится Комментировать Отправить Поделиться

Сырдария Нұрдария Қоғамдық Қоры сейчас с **Сырдария Ауданының Әкімдігі** и **ещё 5.**

4 д. ·

Бүгін аудандық «Достық үйінде» Сырдария аудандық қоғамдық даму бөлімі жобасы аясында «Алаяқтықтан сақ болайық!» атты кент тұрғындарының банк және құқық қорғау мекемелерінің мамандарымен кездесуі өтті.

Шара барысында Қазақстан Халық Банкі Сырдария аудандық филиалынының басқарма бастығы А. Палымбетов, аудандық полицияның криминалды бөлімінің жедел өкілі полиция капитаны Д. Алиев қатысып, алаяқтықтың алдын алу және оған тосқауыл қою жолдарын мысалдармен келтіріп бөлісті.

Кездесуге келген тұрғындар арасында мәселе қызу талқыға түсті.

СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА
ЖОЛ ЖОҚ